

Шымкент қаласы білім
басқармасының “Циолковский
атындағы №84 жалпы орта білім
беретін мектебі” коммуналдық
мемлекеттік мекемесі

Коммунальное государственное
учреждение “Общеобразовательная
средняя школа №84 имени
Циолковского” управления
образования города Шымкент

ХАТТАМА

2023 жылғы 01 қараша
Шымкент қаласы

ПРОТОКОЛ

№ 2
город Шымкент

Қамқоршылық кеңес отырысы

Қатысқандар:

1. Мектеп директоры: Ш.К.Жиенова
2. Қамқоршылық кеңесі мүшелері: Сарибаев Е.А.
Ногаев А.А.
Қазыбаев А.Т.
Әлембекұлы Т.
Онгарбаев А.А.
Айдарханова А.С.
Салыбекова Г.Р.
Туякбаева Р.Ш.
Раталі Н.Т.
3. Мектеп әкімшілігі: Г.Тажибаева
Р.Ахметова
Г.Сейдал
А.Арынбаева
4. Хатшы Г.Абишева

Күн тәртібінде:

1. Мектептің материалдық-техникалық базасы, оны нығайту жолдары мен тәсілдері туралы.
2. Оқушылардың ыстық тамақтандыру және медициналық қызмет көрсету сапасын бақылау мониторингімен танысу.
3. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың үйірмелер мен спорт секцияларымен камтылуы.
4. Білім алушылар арасында құқық бұзушылықтың, нашакорлықтың, алкоголизмнің , темекі шегудің, қаңғыбастықтың, буллингтің, ойынға құмарлықтың алдын алу.

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі бірінші сұрақ бойынша мектеп директоры Жиенова Шадия Касымовна Қамқоршылық кеңесі құрамын мектептің материалдық-техникалық базасы, оны нығайту жолдары мен тәсілдері туралы таныстырып өтті.

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі екінші сұрақ бойынша мектептің әлеуметтік педагогы Ж.Таттибаева сөйледі. Ол өз сөзінде «2023-2024 оқу жылында «№84 жалпы орта білім беретін мектеп» мемлекеттік коммуналдық мекемесінде 1271 оқушыны құрады. Мектепте тегін ыстық тамақты ұйымдастыру мақсатында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығы 10-қосымшасының «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызметті көрсету қағидасын басшылыққа ала отырып мектепшілік бұйрық шығарылды. Мектепте мемлекеттік қызмет көрсету тәртібіне сәйкес құжаттар жинақталып, журналға толтырылды. Сонымен қатар, мектепте тегін ыстық тамақпен қамтылатын оқушылар тізімі бекітіліп, құжаттар рәсімделіп, ыстық тамақ ішетін оқушылардың тізімі бекітілді.

Қыркүйек айы бойынша ыстық тамақ ішетін оқушылардың саны 686-ны құрады. Арендатор есебінен әзірге 20 оқушы ыстық тамақпен қамтылды. Оның ішінде 1-4 сынып оқушыларының саны 562 болса, 5-9-11 сынып оқушыларының саны 124 құрайды. Әлеуметтік мәртебесіне байланысты:

1-4 сынып оқушылары түгел - 562 оқушы, аз қамтылған отбасынан шыққан - 42 оқушы. Көпбалалы отбасынан шыққан - 50 оқушы. АӘК - 28 оқушы. Қамқоршылықта - 4 оқушы.

Оқушылардың асханада көп шоғырлануын болдырмау мақсатында оқушылардың ыстық тамаққа баруы 4 уақытта ұйымдастырылды.»- деді.

Сонымен бірге мектеп асханасында оқушылардың тамақтану кестесіне сәйкес уақытылы тамақтануы және күнделікті берілетін тамақтың сапасы, құрамы, температурасы әлеуметтік педагог пен мектеп мейірбекесі бақылап, тексеріп отырады. Әсіресе, оқушылардың денсаулығына қауіпті астардың болдырмауы мен уланудың алдын алу үшін мектептің әлеуметтік педагогы мен мейірбекесі күнделікті мәзірден сынама жүргізеді. Сонымен қатар, асхананың жалпы тазалығы, қол жуатын орынның талапқа сай болуы, асханада тиым салынған заттардың сатылымға шықпауы және асхана қызметкерлерінің жай-күйі мен санитарлық-гигиеналық талаптарға сай болуы (арнайы киім формасының болуы, тазалығы т.б.) бақылауда ұсталынады және кемшілік байқалған сәтте ескертулер беріледі. Асханада қол жуатын орында сабын, асхана залында сағат, температура өлшегіш құрал мен тіркеу журналы, ас мәзір бұрышы, ата-аналардың арыз-шағым, ұсыныс жазатын журналдары бар.

Асханада барлық санитарлық-гигиеналық талаптар сақталған. Нақтырақ айтсақ, асханаға арнайы санитарлық нормаларды сақтау туралы және бетперде тағу туралы белгілер, әлеуметтік арақашықтық сақтау белгілері, антисептиктер орнатылған,» - деп сөзін аяқтады.

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі үшінші сұрақ бойынша директордың әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары А.Арынбаева сөз алып «... дене шынықтыру сабағы білім алушылардың әртүрлі қажеттіліктерін қанағаттандыруды қамтамасыз етеді, дене шынықтыру пәні мұғалімі білім алушыға оның қажеттіліктеріне сәйкес жеке білім беру тәжірибесін ұсынуға жауапты. Білім алушыларға арналған күтілетін дене шынықтыруға оқыту стандарты педагогтерге мазмұнды білім алушыларға ең тиімді тәсілдермен ұйымдастыруға және жеткізуге мүмкіндік беретін оқыту тәсілдерінің кең ауқымын қамтиды.

Педагогтер оқытуды саралайды және барлық білім алушылардың, соның ішінде ерекше қажеттіліктері бар немесе мүмкіндігі шектеулі балалардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жабдықты таңдайды.

Мектептегі ерекше білімді қажет ететін оқушылар өз қалаулары бойынша үйірмелер мен спорт секцияларына катысуда.

Бегалиева Мариям – «Палитра» үйірмесі

Садыбек Мустафа – «Асық ату» үйірмесі

Ибраһимов А. – «Бейнелеу» үйірмесі

Жолдасбек Фатима – «Шебер қолдар» үйірмесі
Жанабаев Мейрамбек – «Шебер қолдар» үйірмесі
Қалыбек Арсен – «Асық ату» үйірмесі
Ашурова Омина – «Палитра» үйірмесі
Садыбек Гузаль – «Бейнелеу» үйірмесі
Муталхан Әділет – «Асық ату» үйірмесі
Ілес Арсен – «Бейнелеу» үйірмесі
Қалдыбек Нұржан – «Шахмат» үйірмесі
Кадыров Алмат – «Шахмат» үйірмесі

Мүгалімдер оқытуды жоспарлап, оқу үлгерімін бағалаған кезде білім алушылардың денсаулық жағдайы мен ерекше қажеттіліктерін ескере отырып сабақ жүргізуде,» - деп сөзін қорытындылады.

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі 4-ші сұрақ бойынша директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Абишева Г.А. сөз сөйледі. «... бүгінгі күнгі қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі - балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу. Бұл мәселе қазіргі таңда көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр, себебі өмірлік қиын жағдайға душар болған жасөспірімдердің саны азаяр емес.

Білім алушылар арасында құқық бұзушылықтың, нашакорлықтың, алкоголизмнің, темекі шегудің, қанғыбастықтың, буллингтің, ойынға құмарлықтың алдын алу мақсатында спорт шеберлерімен, өнер, мәдениет майталмандары, Еңбекші аудандық полиция қызметкерлері, Шымкент қалалық психикалық денсаулық орталығы мамандарымен, Шымкент қаласының ішкі саясат және жастар ісі жөніндегі басқарма мамандарымен, дене шынықтыру және спорт басқармасының бапкерлерімен жоспарлы түрде кездесулер өткізіліп тұрады.

Психикалық денсаулық орталығының дәрігер-наркологтары әр кездесуде жасөспірімдерге «Есірткінің зияны мен зардабы» туралы бейнеролик көрсетіп, білім алушыларға есірткі түрлерін түсіндіріп, одан туындайтын аурулардың түрлерін айтып, сонымен бірге спирттік ішімдіктердің зияны, есірткі таратушылардың қайғылы жағдайы туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізіп отырады. Спирттік ішімдікті және есірткіні пайдаланушылар мен таратушылар заң алдында жауап беретіні туралы, электронды темекінің өте зиян екені фактілер келтіре отырып айтылады. Жасөспірімдерге бос уақыттарын дұрыс пайдалану керектігін айтып, спортпен шұғылданып, оқуларын дұрыс оқу керектігін оқушыларға үнемі айтып отырамыз.

Кәмелет жасына толмаған жасөспірімдер кешкі мезгілде ата-анасыз жүруге болмайтынын есте сақтау керектігін мектептің ішкі тәртіп ережесінде көрсетіп арнайы түсіндіріп таныстырдық. Егер ондай жағдай орын алса жасөспірімнің ата-анасына 132-бап бойынша 10 АЕК айыппұл салынатынын ескерттік. Сонымен қатар ішімдік пен есірткі таратып, пайдаланғандарда заң алдында жауапқа тартылатынына ерекше атап өттік. Өз сөзінде оқушылардың құқықбұзушылықтарына тосқауыл қою үшін атқарылып жатқан мәселелерді де тілге тиек етті. «Кәмелетке толмағандардың құқықтық жауапкершілігі» жөнінде акпараттық насихат жұмыстары тоқтаусыз жүргізілуде. Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану үшін оқушылардың спорттық секциялар мен үйірмелермен қамтылғандығы, «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» алдын алу шаралары бойынша ЮПТ инспекторымен кездесулер өткізілгені туралы, мектебімізде «Даналық мектебі» клубы жанынан «Ағалар мектебі» секциясы мен «Әкелер мектебі» секциясы жұмыс жасайтыны туралы толық айтып шықты. «Спирттік ішімдіктер, темекі өнімдерін, есірткі пайдаланудан бас тарту» тақырыбында тренинг, акпараттандыруға бағытталған профилактикалық іс-шаралар өткендігі, сонымен қатар кешкі уақытта ойын-сауық орталықтарында, ойын залдарында болуына тыйым салу мақсатында АПБ қызметкерлерімен біріккен рейд жүргізілетіні туралы да тоқталып өтті. Мектепте «Бағалы қылыңды қорға» бұйырығын, «Сенім жөнігі»

Сөйлегендер:

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Е.Сарибаев : «Құрметті Шадия Қасымқызы , мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту жолдарын бірге қарастырып, ақылдасып шешейік. Балалардың сапалы білім алуына бірлесе жұмыс атқарғанымыз абзал. Қамқоршылық кеңес тарапынан көмек, колдау керек болса біз әрқашан дайынбыз»


Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Асан Оңғарбаев: «Шадия Қасымқызы, бүгінгі баяндалған «Білім алушылар арасында құқық бұзушылықтың, нашақорлықтың, алкоголизмнің , темекі шегудің, қаңғыбастықтың, буллингтің, ойынға құмарлықтың алдын алу» тақырыбы бойынша атқарылған іс-шаралар, іс-әрекеттер жалғасын табады деген сенімдеміз.

Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында жүргізілген іс-шаралар, жалпы атқарылған жұмыстар жөніндегі әңгімелеріңіз көңіл толарлық. Алдағы уақытта да бірігіп білім алушылар арасында құқық бұзушылықтың, нашақорлықтың, алкоголизмнің, темекі шегудің, қаңғыбастықтың, буллингтің, зорлық-зомбылықтың алдын алуда жәрдем беруге уәде береміз. Бізден қандай да бір көмек қажет болса көмектесуге дайынбыз. Басты мақсатымыз білім сапасына ерекше көңіл бөліп , құқықбұзушылыққа бейім оқушылармен жұмысты қолға алу. Біз сіздердің оң істеріңізді әрқашанда қолдаймыз!». Кеңес мүшесі Салыбекова Гүлназ : «Шадия Қасымқызы, әрбір ісіңізге сәттілік тілеймін! Мектебімізде мәдени-сауықтыру іс-шаралар, семинарлар, конференциялар өтетін болса Қамқоршылық кеңес мүшелері қол ұшын беруге дайынбыз. Білім сапасы өсе берсін, құқық бұзушылыққа жол берілмесін , жасөспірім балаларымыз бақытты болсын! Кеңес мүшесі Әлембекұлы Тайырбек: «Бала қауіпсіздігін сақтауда «Қауіпсіз мектеп» жобасының жүзеге асуы , мектептен тыс жетістіктерінің пайыздық мөлшері, сәтсіз отбасыдан шыққан оқушылардың отбасына көмек көрсету , мектепішілік есептегі оқушылармен жұмыс , бала құқығының қорғалуы , ішкі тәртіп ережесін қадағалау жұмыстарын да бірге атқарамыз . Біздің қолдауға әрқашанда сенім артсаңыз болады!» Ұсынысым: Құқықбұзушылыққа бейім , мектепішілік есепте тұрған оқушыларды үйірме жұмыстарына тартайық , «Ағалар мектебі» отырысында ақыл-кеңесімізді айтайық, - деді.

Кеңес шешімі:

1. Мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту жолдары қолға алынсын.
2. Жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, толық емес, көпбалалы отбасынан шыққан балалардың тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілуі қанағаттандырылсын. Жетім оқушылардың қамқоршыларының өтініші қанағаттандырылсын;
3. Мектеп асханасының жұмысы мен күн тәртібін белгілеу және сақтау күнделікті бақылауға алынсын.
4. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың үйірмелер мен спорт секцияларымен қамтылсын.
5. Білім алушылар арасында құқық бұзушылықтың, нашақорлықтың, алкоголизмнің , темекі шегудің, қаңғыбастықтың, буллингтің, ойынға құмарлықтың алдын алу жұмыстары жалғасын тапсын.
6. Оқушылардың спорттық үйірмелерге тартылуы қадағалансын.

Кеңес төрағасы:

 Е.Сарибаев